БЕКІТЕМІН
№8 «Күншуақ» бөбекжай-
балабақшасы МКҚК меңгерушісі
________ Ж.Саутбекова
____________2026ж

## Жазғы сауықтыру кешенінің циклограммасы

**Мектепке дейінгі ұйымы:МКҚК** №8 «Күншуақ»бөбекжай балабақшасы.
**Топ:**Кіші топ «Бөбек»
**Балалардың жасы:**2жас
**Қандай кезеңге жасалды**:(01.06-05.06.2026ж)

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** 01.06.2026 | **Сейсенбі** 02.06.2026 | **Сәрсенбі** 03.06.2026 | **Бейсенбі** 04.06.2026 | **Жұма** 05.06.2026 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сиқырлы есік**: Тәрбиеші қолына сиқырлы таяқша ұстап, әр баланың атын атап: «Сиқырлы есіктен тек күлімдеген бала өтеді!» деп қарсы алады. | **Көңіл-күй түстері**: Балаларға түрлі түсті карточкалар ұсынып, бүгінгі көңіл-күйін сәйкес түспен көрсетуін сұрау. | **Құшағыма қош келдің**: Әр баланы құшақтап қарсы алу, бұл балаға жылулық пен сенімділік береді. Рәміздер мерекесіне балалық шақ күйі | **Айнамен амандасу**: Балаға айна ұсынып, өзіне қарап: «Қайырлы таң, [бала аты]!» деп айтуын сұрау. | **Сиқырлы сөздер**: Балаға «Сиқырлы сөзді айтсаң, есік ашылады» деп, «Сәлем!» немесе «Қайырлы таң!» деген сөздерді айтуын сұрау. |
| **Таңғы гимнастика** | Әнұран<br>Маусым айына арналған картотека жинағы | | | | |
| **Гигеналық шаралар** | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы Өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).<br>**Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы асқа дайындық** | Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.<br>**Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.<br>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу<br>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | **«Әрқашан күн сөнбесін!»**<br><br>**Коммуникативтік дағды:**<br>«Әрқашан күн сөнбесін» мерекелік шеңберінде балалар бір-біріне жылы тілектер айтып, мерекемен құттықтайды. «Сиқырлы микрофон» әдісімен өз көңіл-күйлерін жеткізеді. Балалар әндерді бірге айтып, қарапайым сұрақтарға жауап береді. «Көңілді достар» ойынында балалар бір-бірімен еркін сөйлеседі.<br><br>**Танымдық және зияткерлік дағды:**<br>«Күн мен бұлт» ойынында балалар | **«Менің әлемім»**<br><br>**Коммуникативтік дағды:**<br>«Менің отбасым» әңгіме шеңберінде балалар ана, әке, аға сөздерін қайталайды. «Сиқырлы жүрекше» ойынында өз жақындарын атап айтады. Әңгіме тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді. Отбасы туралы әнге қосылып қайталайды.<br><br>**Танымдық және зияткерлік дағды:**<br>«Кім менің отбасым?» ойынында балалар отбасы мүшелерін суреттен ажыратады. «Артық суретті тап» | **«Менің әлемім»**<br><br>**Коммуникативтік дағды:**<br>«Менің бауырым» ойынында балалар жақындарын атап айтады. Әңгіме тыңдап, қысқа жауаптар береді. «Көңілді әндер» ойынында ән сөздерін қайталайды.<br><br>**Танымдық және зияткерлік дағды:**<br>«Кіммен ойнаймын?» ойынында балалар отбасы мүшелерін ажыратады. Спорттық ойын құралдарын таниды. Қарапайым сұрақтарға жауап береді.<br><br>**Шығармашылық дағды:** | **Кәусәр бұлақ**<br><br>**Коммуникативтік дағды:**<br>«Менің сүйікті кейіпкерім» әңгіме шеңберінде балалар көрген мультфильм кейіпкерлерінің аттарын атайды. «Сиқырлы микрофон» әдісімен өздеріне ұнаған сәттерін қысқа айтып береді. Педагогтың жетекші сұрақтарына жауап беріп, кейіпкердің дауысын салуға тырысады.<br><br>**Танымдық және зияткерлік дағды:**<br>«Қай кейіпкер?» ойынында балалар мультфильм кейіпкерлерін сурет | **«Мен елімнің Ұланымын!» Рәміздер күні**<br>**Коммуникативтік дағды:**<br>«Мен елімнің Ұланымын!» мерекелік шеңберінде балалар Ту, Елтаңба сөздерін қайталайды. Отан туралы қысқа тақпақтарды педагогпен бірге айтады. «Сиқырлы микрофон» әдісімен Қазақстан туралы жылы сөздер айтады. Ән тыңдап, бірге қосылып орындайды.<br><br>**Танымдық және зияткерлік дағды:**<br>«Рәміздерді тап» ойынында балалар Туды, Елтаңбаны суреттен ажыратады. «Артық суретті тап» тапсырмасында рәмізге қатысы жоқ затты анықтайды. Қазақстанның рәміздері бар екенін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түстерді ажыратып, күннің адамға жылу сыйлайтынын түсінеді. «Артық суретті тап» тапсырмасында мерекеге қатысы жоқ заттарды анықтайды. Асфальттағы суреттерді бақылап, күн, гүл, шар бейнелерін атайды. Музыканың көңілді ырғағын ажыратады.<br><br>**Шығармашылық дағды:**<br>«Бақытты балалық шақ» шығармашылық алаңында балалар асфальтқа күннің, гүлдің, достарының суретін салады. Түрлі түсті бормен еркін сурет салуға қызығушылық танытады. «Көңілді күн» ойынында музыкамен би қимылдарын орындайды. Концертте ән айтып, шығармашылық белсенділік көрсетеді. | тапсырмасында отбасыға қатысы жоқ затты анықтайды. Жақын адамдардың қамқорлығын түсінеді. Отбасылық ойындарды бақылап, есте сақтайды.<br><br>**Шығармашылық дағды:**<br>«Менің үйім» арт-алаңында балалар саусақпен үй, күн, отбасы суреттерін салады. Ермексаздан кішкентай жүрек мүсіндейді. «Көңілді отбасы» ойынында музыкамен қимылдар орындайды. Түрлі түсті қағазбен отбасы панносын безендіреді. | Отбасымен ойнаған сәттерін суретке бейнелейді. Ермексаздан доп мүсіндейді. Музыкамен еркін билейді. | арқылы ажыратады. «Артық суретті тап» тапсырмасында мультфильмге қатысы жоқ бейнені анықтайды. Кейіпкерлердің жақсы әрекеттерін таниды. Патомимика арқылы көрсетілген кейіпкерді табуға қызығушылық танытады.<br><br>**Шығармашылық дағды:**<br>«Көңілді кейіпкерлер» арт-алаңында балалар саусақпен мультфильм кейіпкерлерінің суретін бояйды. Ермексаздан қарапайым кейіпкерлер мүсіндейді. «Кейіпкерлер биі» ойынында музыкамен қимылдар орындайды. Өздері таңдаған кейіпкердің қимылын бейнелейді. | түсінеді. Ұлттық ойындардың қарапайым ережелерін таниды.<br><br>**Шығармашылық дағды:**<br>«Менің Отаным» арт-алаңында балалар көк түспен Ту бейнесін бояйды. Саусақпен күн мен қыран суреттерін салады. «Көңілді ұлан» ойынында музыкамен қимылдар орындайды. Суреттер көрмесіне өз жұмыстарын ұсынады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Күндізгі серуен** | Түрлі гүлдерді салыстыру«Ара мен гүл» Гүл суару Гүлдерден коллаж жасауЖапырақпен ойнау<br>Танымайтын өсімдікті жұлмаймыз.<br>– Кейбір гүлдер мен шөптер ащы немесе тіпті ауырып қалдыруы мүмкін. «Осы гүлді ұстасам бола ма?» деп тәрбиешіден сұраймыз.<br>**(Табиғаттағы қауіпсіздік,экологиялық тәрбие)** | Құм түсінің өзгеруін бақылау (сулы/құрғақ)«Құмда із қалдырайық»Құмды тегістеу, шашуІздерден сурет салуШөмішпен құю ойыны<br>Құм немесе тас ауызға салынбайды.<br>– Ойыншық – ойынға, ал ауыз – тамаққа арналған.<br>**(Табиғаттағы қауіпсіздік,экологиялық тәрбие)** | Көбелекті бақылау «Көбелек пен гүл» Құм үстіне су шашу<br>Көбелек мүсінін жасау<br>Секіргішпен секіруЖәндіктерді ұстамаймыз.<br>– Қоңыз, ара, құмырсқа – өз жолымен жүрсін. Олар тістеп алуы мүмкін.<br>**(Табиғаттағы қауіпсіздік,экологиялық тәрбие)** | Ауа райын бағалау (ыстық, салқын, желді)<br>«Күн мен жаңбыр»<br>Су құю, шелекпен тасу Бұлт суретін жасау Сумен ойнау<br>Ағашқа, бұтаға мінбейміз.<br>– Құлап кетуіміз мүмкін. «Менің қауіпсіз аяғым жерде болсын!»<br>**(Табиғаттағы қауіпсіздік,экологиялық тәрбие)** | Құмның жұмсақтығын тексеру «Құмнан қаш»<br>Шелекпен тас тастар жинау<br>Тастардан бейне жасау<br>Құммен еркін ойнау<br>Су бар жерге жақындамаймыз.<br>– Шалшық болса да, тәрбиешімен бірге ғана жақындаймыз.<br>**(Табиғаттағы қауіпсіздік,экологиялық тәрбие)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Гигеналық шаралар** | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | | | | |
| **Түскі асқа дайындық** | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу. | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орамалды ілу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тәтті ұйқы»<br>Ұйықтар алдында шығыс әуені қойылады. Балалар сиқыршыға айналып, кілем үстінде малдас құрып отырады. Қолдарын тізелеріне қойып,иектерін тізелеріне тигізіп, көздерін жұмып, денелерін бос ұстайды. Әуен біткен кезде ақырындап, үндемей төсектеріне барып жатады. | «Қазақтың ертегілері» кітапбынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату | Жағымды қазақ әндері қосу: «Әлди-әлди ақ бөпем», «Балбөбегім», «Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б. | «Тәтті ұйқы»<br>Ұйықтар алдында шығыс әуені қойылады. Балалар сиқыршыға айналып, кілем үстінде малдас құрып отырады. Қолдарын тізелеріне қойып,иектерін тізелеріне тигізіп, көздерін жұмып, денелерін бос ұстайды. Әуен біткен кезде ақырындап, үндемей төсектеріне барып жатады. | «Қазақтың ертегілері» кітапбынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | **Әлеуметтік-эмоционалдық дағды:**<br>«Достық шеңбері» тренингінде балалар бір-біріне күлімдеп | **Әлеуметтік-эмоционалдық дағды:**<br>«Жылы құшақ» тренингінде балалар | **Әлеуметтік-эмоционалдық дағды:**<br>Достарымен ойын бөлісіп ойнайды. Жақындары туралы | **Әлеуметтік-эмоционалдық дағды:**<br>«Достық күлкісі» тренингінде балалар | **Әлеуметтік-эмоционалдық дағды:**<br>«Достық шеңбері» тренингінде балалар бір-біріне жақсы тілектер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарап, жақсы сөздер айтады. Бірге ән айтып, би билеу арқылы қуаныш сезімдерін бөліседі. Достарына көмектесіп, мерекелік көңіл-күй қалыптастырады. Балалар күні мерекесіне қызығушылық пен достық қарым-қатынас дамиды.<br><br>**Физикалық дағды, дене тәрбиесі әрекеті:** «Көңілді шарлар» қимылды ойынында балалар жүгіру, секіру, қол шапалақтау әрекеттерін орындайды. Асфальтқа сурет салу кезінде қол моторикасы дамиды. Музыка ырғағымен би қимылдарын жасап, қозғалыс белсенділігін арттырады. Сергіту жаттығуларын орындап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленеді. | бір-біріне жылы сөздер айтады. Отбасы туралы әңгімелеп, қуаныштарын бөліседі. Достарына қамқорлық көрсетуге үйренеді. Жақындарына деген сүйіспеншілік сезімі қалыптасады.<br><br>**Физикалық дағды, дене тәрбиесі әрекеті:** «Көңілді отбасы» қимылды ойынында балалар жүгіру, секіру әрекеттерін орындайды. Доппен қарапайым жаттығулар жасайды. Қол ұстасып шеңбер бойымен қозғалады. Сергіту жаттығуларын орындайды. | жылы сөздер айтады. Бірге әрекет жасауға үйренеді.<br><br>**Физикалық дағды, дене тәрбиесі әрекеті:** «Допты қуып жет» ойынында жүгіреді, секіреді. Қарапайым спорттық жаттығулар орындайды. Қимыл белсенділігі артады. | бір-бірімен әсерлерін бөліседі. Кейіпкерлердің мейірімді әрекеттерін үлгі етеді. Достарына қолдау көрсетіп, бірге ойын ойнайды. Қуаныш пен достық сезімі қалыптасады.<br><br>**Физикалық дағды, дене тәрбиесі әрекеті:** «Кейіпкерді қайтала» қимылды ойынында балалар жүгіру, секіру, айналу әрекеттерін орындайды. Кейіпкерлердің қозғалыстарын қайталайды. Қимылды ойындар арқылы қозғалыс белсенділігі артады. Сергіту жаттығуларын жасайды. | айтады. Ортақ ән айтып, қуаныш сезімдерімен бөліседі. Ұлттық ойын кезінде достарына көмектеседі. Отанға деген сүйіспеншілік сезімі қалыптасады.<br><br>**Физикалық дағды, дене тәрбиесі әрекеті:** «Көк туды жеткіз» қимылды ойынында балалар жүгіру, секіру әрекеттерін орындайды. Ұлттық ойындар арқылы қозғалыс белсенділігі артады. Қол-аяқ үйлесімділігі дамиды. Сергіту жаттығуларын жасайды. |
| **Серуенге дайындық** | Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **«Күн мен көлеңке»** | **«Кім тез орын** | **«Ұшты-ұшты...»** | **«Жел мен ағаш»** | **«Бақа мен шыбын»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн болғанда – жүгіреді, көлеңке айтканда – қатып қалады | **табады?»** Балалар жүгіреді, белгі бергенде шеңберге немесе белгіленген орынға отырады. | Тәрбиеші айтады: «Ұшты–ұшты, көбелек ұшты», балалар қолын көтереді. Жаңылтпаш айтқанда – көтермеуі тиіс. | Жел болғанда – тербеледі, жел басылғанда – қатып тұрады. | Бір бала шыбын, біреуі бақа. Шыбын кашады, бақа ұстайды. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы**<br>**Ата анаға кеңес** | Балаңызды күннің алғашқы сәулесінде таза ауада ойнатыңыз – табиғатпен байланыс иммунитетті күшейтеді. | Таңғы және кешкі уақытта серуендеуді күн тәртібіне енгізіңіз. | Жазда суды көп ішу маңызды – баланы жиі су ішіп тұруға үйретіңіз. | Қауіпсіздік – басты назарда! Балаңызбен бірге жол ережесін қайталаңыз. | Күннен қорғайтын бас киім мен киім таңдауға мән беріңіз. |

**Әдіскер:**Мамырова Г.Т.

**Тәрбиеші:**Исаева Н.